

## Заңды тұлғаның атауын өзгерту және Ережесін бекіту туралы

Түркістан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 22 қарашадағы № 312 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 20) тармақшасына және "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі №590 қаулысына сәйкес, Түлкібас ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы "Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі болып өзгертілсін.

2. "Түлкібас ауданы экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Түлкібас ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 20 желтоқсандағы "Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ереже" № 482 қаулысы жойылсын.

4. "Түлкібас ауданы әкімінің аппараты" КММ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Түлкібас ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің экономика сала бойынша орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Н.Изтилеуов*

Түлкібас ауданы әкімдігінің  
2023 жылғы 22 қарашадағы  
№312 қаулысымен бекітілген

**“Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі” мемлекеттік мекемесінің Ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік орган) стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлау, аудандық бюджетті атқару, жергілікті бюджеттің атқарылуы бойынша бухгалтерлік есепке алу, бюджеттік есептілікті жүргізу, ауданның коммуналдық меншігін басқару саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" ММ өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" ММ ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. "Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" ММ азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. "Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" ММ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. "Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" ММ өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Индекс: 161300 Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Т. Рысқұлов ауылы, Т. Рысқұлов көшесі, №201-үй.

10. Осы ереже "Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" ММ-нің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" ММ қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады.

12. "Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" ММ кәсіпкерлік субъектілерімен "Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" ММ

өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер "Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" ММ заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері**

### **13. Мақсаттары:**

стратегиялық, экономикалық және аудандық бюджетті атқару барысында мемлекеттік бюджет саясатының негізгі бағыттарының іске асырылуын ұйымдастыру және мемлекеттік коммуналдық мүлікті басқару саласында мемлекеттік саясатты іске асыру.

### **14. Өкілеттіктері:**

#### **1) құқықтары:**

мемлекеттік орган өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді және мемлекеттік мекеменің қалған мүлкін өндіріп алуға жол берілмейді;

мемлекеттік органда ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

#### **Міндеттері:**

ауданның әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын әзірлейді;

ауданның әлеуметтік – экономикалық жағдайын талдайды;

аудан экономикасының жағдайы туралы ақпарат дайындайды;

ауданның даму бағдарламасын әзірлейді;

ауданның бюджеттік комиссиясының жұмыс органы болып табылады;

бюджет түсімдерін болжауды әлеуметтік – экономикалық даму болжамын ескере отырып жасайды;

бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін олардың Қазақстан Республикасының бағдарламалық құжаттарына, әлеуметтік

экономикалық даму болжамын мемлекеттік қызметтің қолданылып жүрген заттай нормаларына, стандарттарына сәйкестігін қарайды;

ауданның үш жылдық кезеңге арналған бюджеті туралы жобасын жасайды және оны ауданның бюджеттік комиссиясының қарауына енгізеді,

ауданның тиісті қаржы жылына арналған бюджетін бекіту туралы тиісті мәслихат шешімін іске асыру туралы аудан әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;

бағдарлама әкімшілерінің ұсыныстарына сәйкес ауданның тиісті қаржы жылына арналған бюджетін нақтылау, түзету жөнінде ұсыныстарды бюджеттік комиссияның қарауына ұсынады;

аудан бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті Бюджет кодексiне сәйкес тапсырады;

бюджеттің атқарылу принциптерін сақтауды қамтамасыз етеді;

аудандық бюджеттің орындалуын қамтамасыз етеді;

15. Функциялары:

бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру және бюджеттің атқарылуы жөніндегі бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қызметін үйлестіреді;

салық төлеушінің тіркеуге алынған жеріндегі салық органының, толық көлемде аудандық бюджетке түсетін салық міндеттемелерін орындау туралы шешіміне келісім береді;

қаржы жылының аяғына қарай төлемдер көлемінің жинақталып қалуына жол бермеу мақсатында бюджет қаражатын қаржы жылына бірқалыпты бөледі;

міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларын жасауды, бекітуді, жүргізуді жүзеге асырады;

бюджеттік мониторингтің жүргізілуін жүзеге асырады;

алашақ және берешек қарыздар бойынша есептіліктерді дайындайды;

коммуналдық меншікті мүлiктік жалға беру жөніндегі келісім шартын түзеді, мүлiктік жалға берілген объектілерді өлшеуді және жалдау ақысы мөлшерінің есебін шығаруды жүзеге асырады;

мемлекеттік мекемелердің, коммуналдық кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың және мемлекетке тиесілі үлесі бар шаруашылық серіктесіктерінің реестрін жүргізеді;

мемлекеттік мүлiктің тиімді және ұтымды пайдалану мәселелері бойынша жұмыстарды жүргізеді;

аудан әкімдігінің коммуналдық меншік және оның мүлiктік құқықтарын қорғау мәселелері бойынша мүддесін білдіреді;

"Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбелерін анықтау туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №1127 бұйрығында көрсетілген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға Түлкібас ауданының әкімдігіне ведомстволық бағынысты тапсырыс берушілер үшін бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушысы болып табылады, бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырады және өткізеді;

Заңнамаға және аудан әкімдігінің қаулыларына, аудан әкімінің шешімдеріне сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

### **3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. "Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" ММ басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол "Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" ММ-не жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. "Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" ММ бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатылады.

18. "Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" ММ бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасары болады.

19. "Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" ММ-нің бірінші басшысының өкілеттіктері:

- 1) мемлекеттік мекеменің жұмыс жоспарларын бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеменің атынан әрекет етеді;
- 3) сенімхаттар береді;
- 4) заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза береді;
- 5) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, қызметтік, бухгалтерлік бірінші қол қою құқығы бар құжаттарға қол қояды;
- 6) мемлекеттік мекеменің ішкі еңбек тәртібін бекітеді;
- 7) мемлекеттік мекемеде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 8) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде көзделген өкілеттіктерді жүзеге асырады;
- 10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың орындалуына дербес жауапты болады.

"Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" ММ-нің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Бірінші басшы өз орынбасарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

#### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

21. "Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" ММ заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" ММ мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай

кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. "Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" ММ бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

24. "Түлкібас ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" ММ қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органның қарамағындағы ведомстволары жоқ.

## **6. Жұмыс режимі**

25. Мемлекеттік органның жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне және өзге де заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.